

Республиканың тұтыну рыногын адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын сапасыз тауарлардың енуінен қорғауды қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 4 желтоқсан N 550

Мемлекеттік бақылауды күшейту және республиканың тұтыну рыногын адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын сапасыз тауарлардың енуінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті:

мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мемлекетаралық және халықаралық стандарттарда келтірілген әдістемелерді пайдалана отырып тамақ өнімдерін бірдейлендірудің тәртібін айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлесін және белгіленген тәртіппен қабылдасын;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1997 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сапасы мен қауіпсіздігіне қажетті талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіруші құжатты әзірлесін және оны белгіленген тәртіппен қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі үш айлық мерзім ішінде азық-түліктің құрамын, тағамдық құндылығын, дайындалған күнін, жарамдылық мерзімін, сақтау және қолдану шарттарын көрсете отырып республикаға әкелінетін тамақ өнімдерінің қазақ және/немесе орыс тілдерінде жапсырмалары (арасына салатын парақтары) болуын қамтамасыз ету жөнінде шара қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Денсаулық сақтау министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Кеден комитеті, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылдың 1 наурызына дейін Міндетті сертификаттауға жататын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесін бекіту туралы Қазақстан

Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын дайындасын және оны Үкіметке ұсынатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті 1997 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде түсетін өнімдердің сапасына бақылауды күшейту мақсатында Міндетті сертификаттауға жататын өнімдерді әкелудің тәртібіне қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1997 жылдың 1 ақпанына дейін адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және сату үшін жауапкершілік шараларын күшейту жөнінде ұсыныс дайындасын және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

Премьер-Министр